

«№19 мектеп-лицейі» КММ-де 9-11 сыныптарды Жезқазған, Сәтбаев колледж және жоғары оқу орындарымен бірлескен кәсіпке бейімдеу жұмыстары туралы ақпарат

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдауға байланысты бағыт-бағдар беру ,көмек көрсету.

2018-2019 оқу жылында метебіміздегі 9 «А», «Ә», «Б» сыныптарына кәсіби бағыт –бағдар беру мақсатында оқушылар Сәтбаев қаласындағы Қазахмыс корпорациясы жанындағы Технологиялық коллежге, Жезқазған индустриалды колледжіне, Жезқазған Политехникалық колледжіне, Сәтбаев индустриальдық колледжіне барып оқытылатын мамандықтармен танысып, практика жүзінде көрсетіліп және оқуға қабылдау ережелері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар әртүрлі мамандықтарға байланысты азпазшы, жонушы, құрылыс материалдарымен жұмыс жасау, электрдәнекерлеуші жұмыстарымен танысып, өздері практика жүзінде жасап көрді.

Жезқазған политехникалық колледжінен, Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінен, Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінен келген өкілдер оқу орны туралы мәліметтермен таныстырып, 11 сынып оқушыларына кәсіби бағыт бағдар беріп, мамандықтар жайлы түсінік беріп, оқуға түсу ережесімен таныстырып, сауалнама алынды. Мұндай шаралар оқушылардың жоғары оқу орнымен танысуына және болашақ мамандығын таңдауда, пайдалы мағлұмат алуына мүмкіндік береді

